

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ
«Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КеАҚ



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ



30
EURASIAN NATIONAL
UNIVERSITY



БГПУ
им. М. Акмуллы



РУДН

«ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КАДРЛАРДЫ ДАЯРЛАУДАҒЫ ЗАМАНАУИ
ТӘСІЛДЕМЕ: ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ПРАКТИКА»

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ФОРУМ

МЕЖДУНАРОДНЫЙ НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКИЙ ФОРУМ

«СОВРЕМЕННЫЕ ПОДХОДЫ В ПОДГОТОВКЕ ПЕДАГОГИЧЕСКИХ
КАДРОВ: НАУКА И ПРАКТИКА»

INTERNATIONAL SCIENTIFIC AND PRACTICAL FORUM
«MODERN APPROACHES TO TEACHER TRAINING: SCIENCE AND
PRACTICE»

МАТЕРИАЛДАРЫ

Астана

26 ақпан 2026 жыл



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ
«Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КеАҚ**

**«ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КАДРЛАРДЫ ДАЯРЛАУДАҒЫ ЗАМАНАУИ ТӘСІЛДЕМЕ:
ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ПРАКТИКА»
ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ФОРУМ
МАТЕРИАЛДАР ЖИНАҒЫ
26 ақпан, 2026 жыл**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ МЕЖДУНАРОДНОГО
НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКОГО ФОРУМА
«СОВРЕМЕННЫЕ ПОДХОДЫ В ПОДГОТОВКЕ ПЕДАГОГИЧЕСКИХ КАДРОВ:
НАУКА И ПРАКТИКА»
26 февраля, 2026 года**

**PROCEEDINGS OF THE INTERNATIONAL SCIENTIFIC-PRACTICAL FORUM
INTERNATIONAL SCIENTIFIC AND PRACTICAL FORUM
«MODERN APPROACHES TO TEACHER TRAINING: SCIENCE AND PRACTICE»
february 26, 2026**

Астана, 26 ақпан 2026 ж.

УДК 37.0
ББК 74.00
П23

Жалпы редакциясын басқарған: Сомжүрек Б.Ж.

Редакция алқасы: Асылбекова М.П., Атемова К.Т., Байсарина С.С., Сламбекова Т.С.,
Махадиева А.К.

П23 Педагогикалық кадрларды даярлаудағы заманауи тәсілдеме: ғылым және практика: халықаралық ғылыми-тәжірибелік форум материалдары. 26 ақпан 2026 ж./ – Астана: Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ баспасы, 2026. – 1668 бет.

ISBN 978-601-385-193-8

Халықаралық ғылыми-практикалық форум материалдарының жинағында педагог кадрларды даярлаудың заманауи ғылыми-әдіснамалық негіздерін талдау, педагогикалық білім беру саласындағы инновациялық тәсілдер мен тиімді практикаларды айқындау, халықаралық ғылыми тәжірибе алмасуды дамытуға арналған өзекті ғылыми-тәжірибелік зерттеулердің нәтижелері енгізілген. Материалдарда педагогикалық білім мен ғылымның жаһандық трендтері, педагогикалық білім берудегі жасанды интеллект және цифрлық технологиялар, педагог кадрларды инклюзивті білім беруге дайындаудың халықаралық тәжірибесі және инновациялық әдістері туралы мәселелері қарастырылған. Жинақ білім саласындағы мамандарға, ғалымдарға, оқытушылар мен білім алушыларға арналған.

В сборник материалов международного научно-практического форума включены результаты актуальных научно-практических исследований, направленных на анализ современных научно-методологических основ подготовки педагогических кадров, выявление инновационных подходов и эффективных практик в сфере педагогического образования, а также развитие международного научного обмена опытом. В материалах рассматриваются вопросы глобальных тенденций в педагогическом образовании и науке, использования искусственного интеллекта и цифровых технологий в педагогическом образовании, международного опыта и инновационных методов подготовки педагогических кадров к инклюзивному образованию. Сборник предназначен для специалистов в области образования, ученых, преподавателей и обучающихся.

The proceedings of the International Scientific and Practical Forum include the results of relevant scientific and practical research aimed at analyzing the modern scientific and methodological foundations of teacher training, identifying innovative approaches and effective practices in the field of teacher education, as well as promoting international scientific exchange of experience. The materials address issues related to global trends in pedagogical education and science, the use of artificial intelligence and digital technologies in teacher education, as well as international experience and innovative methods of preparing teaching staff for inclusive education. The collection is intended for education professionals, researchers, teachers, and students.

УДК 37.0
ББК 74.00

ISBN 978-601-385-193-8

© Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 2026

Бұл жинаққа енгізілген материалдарға авторлар жауапты.
Authors are responsible for the content of their materials.

219	Zhakupbekova D.S., Utepov A.B. Digital technologies and artificial intelligence in the professional development of physical education teachers	914
220	Закерьяева М.Ю. Искусственный интеллект в современном образовании: возможности, риски и перспективы развития	917
221	Амангелді А.С. Педагогикалық білім берудегі жасанды интеллекттің рөлі мен маңызы	919
222	Аманбай А.Т. Болашақ педагогтарды даярлауда жасанды интеллект технологияларын қолдану	923
223	Orazbek A.A., Amanbayeva M. B The use of artificial intelligence tools for developing data interpretation and visualization skills in the training of future biology teachers	926
224	Кабулова Г.К. Автоматизация административной работы в образовании с помощью ИИ	930
225	Нурыева А.С. Цифрлық тәуелділік және жоғары сынып оқушыларының әлеуметтенуі	933
3-секция: Педагог кадрларды инклюзивті білім беруге дайындаудың халықаралық тәжірибесі және инновациялық әдістері 3-секция: Международный опыт и инновационные методики подготовки педагогических кадров к инклюзивному образованию 3-section: International experience and innovative methods of training teachers for inclusive education		
226	Аханов А.Т., Бірліхан Е. Дене шынықтыру және спорт мамандығында білім алатын студенттерді инклюзивті білім беруге дайындау мәселелері	938
227	Михайленко О.И. Современные проблемы реализации инклюзивного образования и пути их решения в условиях высшего образования	943
228	Умаралиева М.А. Международный опыт и инновационные методики подготовки учителей к развитию инклюзивной культуры	945
229	Едигенова А.Ж. Ерекше білім беру қажеттілігі бар баламен ересек адамның қарым-қатынасы	949
230	Арипова М.Р. Внедрение ценностно-ориентированных практик в системе непрерывного профессионального развития учителя информационной технологии в школе	953
231	Батаева С.Д. Инклюзивное образование как основное условие гуманизации учебного процесса начальной школы	957
232	Дюсенбаева Б.А., Халикова Б.Т. Қазіргі педагогтерінің инклюзивті құзыреттілігін айқындайтын негізгі ерекшеліктер	962
233	Жанатова Г.А. Внедрение практик в исследованиях в области специального образования	967
234	Момунова А.Н. Роль дистанционного обучения для подростков с инвалидностью в получении профессионального образования	971

235	Момунова А.Н., Маматова А.А. Психологические особенности и формы конфликтного поведения подростков с инвалидностью	976
236	Муталиева А.Ш., Ахтанова С.К. Педагог кадрларды инклюзивті білім беруге дайындаудың халқаралық тәжірибесі және инновациялық әдістері	980
237	Ногайбаева М.К., Әлімбаева А.Қ. Инклюзивті білім беру жағдайында педагог кадрларды кәсіби қызметке даярлау	985
238	Baisarina S.S., Makhadiyeva A., PrimbekovaZh. Application of ict-technologies in elementary school in inclusive education	991
239	Нұрбекова А.М., Сарсенова Б.Ж. Аутистік спектрі бұзылысы бар балаларға кешенді тілдік дамыту бағдарламаларының ғылыми негіздері.	996
240	Нұрбекова А.М., Жанузаков Н.К. Аутистік спектрлі бұзылысы бар балалардың сөйлеу тілін логопедиялық түзетуде қолданбалы мінез-құлық талдау әдістерін пайдалану	1001
241	Шавалиева З.Ш., Жумажанова К.И. Социально-педагогическая поддержка семьи, воспитывающей ребёнка с РАС	1005
242	Сейдина М.З., Есимова Н. Б. Қазақстан республикасында инклюзивті білім беруді дамытудың стратегиялық негіздері мен жүзеге асыру тетіктері	1011
243	Kabakova M.B., Әбілдина С.Қ. Инклюзивті білім беру жағдайында педагог-психологтардың білім беру құзыреттіліктерін дамытудың жаңа тенденциялары	1015
244	Бекжанова С.Ж. О.С. Никольская бойынша II топтағы аутизмі бар балалармен жұмыс жүргізуде визуалды қолдаудың тиімділігі	1019
245	Турманова Ж.Е. Инклюзия жағдайында қызмет ететін мамандардың психологиялық құзыреттілігі	1024
246	Каракпаева С.К., Матиева Г.Д. СТЖД деңгейіне байланысты сөйлеу тілін дамытудың дифференциалды тәсілдері	1029
247	Жукашева Г.М. Инклюзивті білім беруде педагог-ассистент әрекетінің сенсомоторлық моделі	1033
248	Жолдасбек Г.И. UDL қағидалары негізінде аі құралдарымен есту қабілеті бұзылған оқушыларға арналған оқу материалдарын әзірлеу әдістемесі және оны оқу үдерісінде қолдану	1037
249	Куандыкова А.К. Инклюзивті білім беруде қауіпсіз психологиялық және жайлы орта қалыптастыру қағидалары	1042
250	Танирбергенова С.О. Мектепте ерекше балаларға толерантты қатынасын қалыптастыру жолындағы сынып жетекшісінің ролі	1047
251	Темиргалиева А.Н. Арнайы мектеп-интернатта ерекше білім беруді қажет ететін	

	оқушыларды география пәніне оқытуда жасанды интеллект технологияларын пайдаланудың тиімділігі	1050
252	Айтқұлова Н.Ж., Махаметова З.А. Балалардың ерте психикалық дамуының ерекшеліктері	1054
253	Топатаева М.К. Визуалды қолдау технологиясының инклюзивті білім берудегі маңызы мен мәні	1057
254	Махаметова З.А., Айтқұлова Н.Ж. Инклюзивті білім беру аясында ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың әлеуметтік бейімделуін психологиялық қолдаудың тиімді жолдары	1062
255	Ұлықбек А.Қ. Инклюзивті білім берудің қажеттіліктері	1065
256	Mukashaeva A., Dyussenbaeva B.A. Barriers to inclusive culture in the educational environment of higher education institutions	1069
257	Алимқұлова Т.С. Инклюзивті білім беру жағдайында болашақ тәрбиешілердің жобалау құзыреттілігін қалыптастыру	1072
258	Дрепина А., Жубақова С. Готовность будущих учителей к социализации детей с расстройствами аутистического спектра в условиях общеобразовательной школы	1076
259	Бақтиярова Д.А., Жусупова Д.Б. Мектепке дейінгі ұйымдағы логопед жұмысы және заманауи технологиялар	1086
260	Даутбаева Т.С., Малғайдарова Г.Т., Ермашева А.О. Инклюзивті білім беру жағдайында әлеуметтік бейімделу мәселелері	1089
261	Ештай М.М. Жалпы сөйлеу дамуы бар бастауыш сынып оқушыларының орфографиялық дағдыларды меңгеруге қажетті алғышарттары	1094
262	Жанғожина Қ.Б. Ерекше білім беру қажеттілігі бар балалармен жүргізілетін түзету оқу-тәрбие жұмысы	1098
263	Избасар А.Ә. Сөйлеу тілінің дамуындағы фонематикалық қабылдаудың рөлі	1102
264	Керімбекова А.А. Психолого-педагогическая поддержка развития непозиционного лидерства преподавателей колледжа	1106
265	Қайролла Д.Е., Кизат Г.Е., Мадешова А.А. Мектепке дейінгі ұйым тәрбиешісінің инклюзивті құзыреттілігін трансформациялау жолдары	1111
266	Қостай Д.Т. Болашақ әлеуметтік педагогтерді сервис-лернинг технологиясы арқылы волонтерлік іс-әрекетке дайындаудың отандық және халықаралық тәжірибесі	1114
267	Мақсұт Е.Н. Инклюзивті білім беру жүйесінде жасанды интеллектті қолданудың тиімділігі	1119
268	Матиева Г.Д., Каракпаева С.К., Әлшериев Е.Т. Мектеп жасына дейінгі балалардың сөйлеу белсенділігін арттырудағы инновациялық логопедиялық әдістер	1123

269	Нагайцев Т.О. Психолого-педагогические стратегии подготовки педагогических кадров к предупреждению суицидального поведения несовершеннолетних: междисциплинарная модель школьной превенции	1128
270	Оразбаева Д.С. Ағылшын тілі сабағында инклюзивті білім берудің ерекшеліктері	1133
271	Сыдыкова Г.Д., Токсанбаева Г.Б. Танымдық ойындардың аутизм спектрі бұзылысы бар балалардың сөйлеу тілін дамытудағы рөлі	1136
272	Тайғарина А.Э. Психикалық дамуында тежелуі бар бастауыш сынып оқушыларын білім беру ортасына бейімдеудегі әлеуметтік педагогтың рөлі	1139
273	Турсунбаева А.У. Инклюзивті білім беру жағдайында педагог кадрларды кәсіби даярлаудың инновациялық тәсілдері: халықаралық көзқарас	1142
274	Сейткамалова А.К. Тәрбиеленушілер арасындағы агрессияның алдын-алу тәсілдері	1146
275	Толеуханова А.Д. Инклюзивті мәдениет зерттеулеріндегі әдіснамалық тұғырлар	1149
276	Турекулова Н.А. Бастауыш білім беру арқылы нашар еститін оқушылардың экологиялық сауаттылығын арттыру	1153
277	Болат Б.Қ. Жасөспірімдердің салауатты өмір салтын дене тәрбиесі арқылы қалыптастырудың маңызы	1155
278	Бейсенбаева Ж.Н. Жасөспірімдердің кәсіби өзін-өзі анықтауын психологиялық-педагогикалық қолдаудың ерекшеліктері	1159
279	Мендигереева Д.А. Студенттердің өмірлік құндылықтары мен денсаулыққа көзқарасының психологиялық аспектілері	1162
280	Шарапатов Р.Ж. Девиантты мінез-құлықты жасөспірімдер типологиясын талдау	1167
281	Жақыпбекова З.Ж. Мектеп жасындағы жасөспірімдердің өзін-өзі реттеу мәселелері	1171
<p>4-секция: Заманауи педагогтің кәсіби дамуындағы құндылықтық тәсілдеме 4-секция: Ценностный подход к профессиональному развитию современного педагога 4-section: Value-based approach to the professional development of the modern teacher</p>		
282	Абдукаримов Н.А. Педагогические принципы совершенствования уроков физического воспитания для учащихся начальных классов	1176
283	Куттибекова Г.Т. Организация процесса начального образования на основе передовых современных педагогических технологий	1179
284	Абилова Г.О. Заманауи педагогтың кәсіби дамуында педагогикалық вебинарлардың рөлі	1182
285	Ибадуллаева С.Ж., Кожабегенова А.Т. Биология пәні негізінде жоғары сынып оқушыларына экологиялық білімді қалыптастырудың маңыздылығы	1187

**ҚАЗІРГІ ПЕДАГОГТЕРІНІҢ ИНКЛЮЗИВТІ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН
АЙҚЫНДАЙТЫН НЕГІЗГІ ЕРЕКШЕЛІКТЕР**

**Дюсенбаева Бибигуль Амангельдиновна¹,
Халикова Ботагоз Тулегеновна²**

PhD философия докторы¹

Педагогика және психология ББ докторанты²,

Л.Н.Гумилев ат.ЕҰУ, Астана, Қазақстан^{1,2}

bibigul-68-68@mail.ru¹

halikova.botagoz84@gmail.com²

Аннотация. Мақалада жалпы орта білім беретін мектеп мұғалімдерінің инклюзивті құзыреттілік мәселесі және оны айқындайтын бірқатар факторлар талданады. Зерттеу аясында инклюзивті құзыреттілік ерекше білім беру қажеттіліктері бар (ЕБҚ) білім алушыларды оқыту, тәрбиелеу және дамыту үшін қолайлы жағдай жасауға мүмкіндік беретін педагогтің кәсіби-маңызды және тұлғалық-маңызды қасиеттері мен іскерліктерінің жиынтығы ретінде қарастырылады. Жалпы орта білім беретін мектепте ерекше білім беру қажеттіліктері бар оқушылардың білім беру инклюзиясының табыстылығы көбіне педагогтің инклюзивті құзыреттілік деңгейіне байланысты екені анықталды. Мақалада инклюзивті құзыреттілік тек ЕБҚ бар білім алушылардың ғана емес, сонымен қатар қалыпты дамып келе жатқан құрдастарының да оқу үдерісінің табыстылығын айқындайтынын көрсетеді.

Инклюзивті білім беру жағдайындағы педагогтің кәсіби қызметінің жоғары деңгейі, ең алдымен, инклюзивті құзыреттіліктің мотивациялық-құндылықтық және операциялық-технологиялық компоненттерінің дамуымен қамтамасыз етіледі. Зерттеу нәтижелері инклюзивті құзыреттілік деңгейі ерекше білім беру қажеттіліктері бар оқушылармен жұмыс тәжірибесіне, сондай-ақ білім беру ұйымындағы жалпы педагогикалық еңбек өтіліне тәуелді екенін көрсетеді. Мұғалімдерінің инклюзивті құзыреттілігінің жинақталған көрсеткіші мен мотивациялық-құндылықтық компоненті арасында өзара байланыстар анықталды.

Abstract. The article analyzes the issue of inclusive competence of general secondary school teachers and a number of factors that determine it. Within the framework of the study, inclusive competence is considered as a set of professionally significant and personally significant qualities and skills of a teacher that enable the creation of favorable conditions for teaching, educating, and developing students with special educational needs (SEN) and disabilities. It was found that the success of educational inclusion of students with special educational needs in general secondary schools largely depends on the level of teachers' inclusive competence. The article demonstrates that inclusive competence determines the effectiveness of the educational process not only for students with SEN, but also for their typically developing peers.

A high level of professional activity of a teacher in an inclusive educational environment is primarily ensured by the development of motivational-value and operational-technological components of inclusive competence. The research results indicate that the level of inclusive competence depends on teachers' experience in working with students with special educational needs, as well as on their overall teaching experience within an educational institution. Correlations were identified between the overall indicator of teachers' inclusive competence and its motivational-value component.

Түйін сөздер: инклюзивті білім беру, педагогтердің инклюзивті даярлығы, инклюзивті құзыреттілік, ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушылар, инклюзивті құзыреттіліктің мотивациялық-құндылықтық компоненті.

Keywords: inclusive education, teachers' inclusive training, inclusive competence, students with special educational needs, motivational-value component of inclusive competence.

Кіріспе. Инклюзивті білім беру әрбір білім алушының қабілеттері мен мүмкіндіктеріне, қызығушылықтары мен әлеуметтік мәртебесіне қарамастан, оның дамуы үшін арнайы жағдайлар мен психологиялық тұрғыдан қолайлы білім беру ортасын құруды көздейді. Қазақстан Республикасында инклюзивті білім берудің кең таралған тәжірибелерінің бірі – ерекше білім беру қажеттіліктері бар тұлғаларды жалпы білім беру үдерісіне кіріктіру болып табылады [1].

Ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушының әлеуметтік интеграциясы мен білім беру инклюзиясының табыстылығын айқындайтын негізгі шарттардың қатарында педагогтің инклюзивті даярлығы мен инклюзивті құзыреттілігі маңызды орын алады. Бұл көрсеткіштердің даму деңгейі оқыту үдерісінің тиімділігіне, балалардың сынып ұжымына

бейімделуіне, инклюзивті сыныптағы психологиялық ахуалға және келесі білім беру деңгейлеріндегі табыстылығына тікелей әсер етеді [2].

Соңғы онжылдықта педагогтердің инклюзивті құзыреттілігі феномені мен оны қалыптастыру технологияларына арналған көптеген ғылыми зерттеулер жүргізілді. Зерттеушілер инклюзивті даярлықты тұлғаның әлеуметтік ұстанымы мен кәсіби диспозициясы ретінде қарастырса, инклюзивті құзыреттілік педагогтің инклюзивті білім беру жағдайында әртүрлі білім беру қажеттіліктерін ескере отырып кәсіби функцияларды тиімді жүзеге асыру қабілеті, интегративті тұлғалық құрылым ретінде сипатталады.

Инклюзивті сыныпта ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалармен қатар қалыпты дамып келе жатқан оқушылар да білім алады. Сондықтан инклюзивті сынып мұғалімінен барлық білім алушылар үшін қолайлы оқу жағдайларын жасау, сыныптағы өзара қарым-қатынасты үйлестіру, әр баланың жеке мүмкіндіктері мен қажеттіліктерін ескере отырып оқу үдерісін ұйымдастыру және заманауи педагогикалық технологияларды тиімді қолдану талап етіледі [3].

Mel Ainscow, Tony Booth, Susie Miles, Christopher Forlin, Loreman, Lani Florian секілді шетелдік зерттеушілердің еңбектерінде инклюзивті құзыреттілік көпкомпонентті құрылым ретінде қарастырылады [4]. Инклюзивті құзыреттіліктің құрылымы ғылыми зерттеулерде әртүрлі нұсқада ұсынылғанымен, зерттеушілердің басым бөлігі оның құрамында мотивациялық, когнитивтік, рефлексивтік және операциялық компоненттерді бөліп көрсетеді.

Инклюзивті құзыреттілік арнайы кәсіби құзыреттер қатарына жатады және ол икемділігімен, тұлғаның бағыттылығын, мотивтері мен құндылықтарын қамтитын өзекті компонентінің болуымен, сондай-ақ рефлексия жасау қабілетімен сипатталады. Педагогтің инклюзивті білім беруге даярлығын қалыптастыру жолындағы маңызды қадамдардың бірі – инклюзия құбылысына оң көзқарас қалыптастыру. Бұл көзқарас инклюзивті үдерісті жүзеге асыруға деген қажеттіліктер мен мотивтермен, осы қызметке қызығушылықпен, ерекше білім беру қажеттіліктері бар тұлғаларды қабылдаумен және оларды құндылық ретінде танумен тығыз байланысты. Аталған сипаттамалардың барлығы педагогтің инклюзияға даярлығының мотивациялық-құндылықтық компонентін айқындайды, ал зерттеулерде бұл компонентке көбінесе жетекші рөл беріледі.

Қажеттіліктер тұлғаның өз ұстанымын қалыптастыру үдерісіндегі мотивациясын анықтайды, ал мотивация өз кезегінде тұлғаның құндылықтар жүйесімен тікелей байланысты. А.А. Деркачтың пікірінше, кез келген әрекетке психологиялық даярлықтың мотивациялық компоненті жетекші, бағыттаушы құрылым болып табылады, өйткені мотив пен мағынасыз ешбір әрекет жүзеге аспайды, тіпті ең жақсы меңгерілген білім мен қалыптасқан дағдылардың өзі қолданылмайды [5].

А.В. Крылова мен В.М. Крыловтың зерттеулерінде инклюзивті білім беру жағдайындағы педагогикалық қызметтің негізгі детерминанты ретінде инклюзивті құзыреттіліктің мотивациялық-құндылықтық компонентіне кіретін әлеуметтік қажеттіліктер көрсетіледі [6].

Ж.Махамбетова мен А.Мағауова инклюзивті білім беру контекстіндегі кәсіби құзыреттер инклюзия жағдайында ерекше білім беруді қажет ететін оқушыларды оқыту барысындағы кәсіби қызмет көптеген функцияларды қамтиды. Сонымен бірге, педагогика ғылымының категориялық аппаратына енгізілген «кәсіби құзыреттілік» категориясы оны мұғалімнің теориялық және практикалық іс-әрекетін біріктіру prizмасыарқылы қарастыратын көптеген ғалымдардың зерттеу нысанына айналды. Кәсіби құзыреттілік мұғалімнің дәрежесін сипаттауға және оның кәсіби шеберлігін бағалауға мүмкіндік береді делінген [7].

Н.А.Максимованың инклюзивті құзыреттілік құрылымында мотивациялық-құндылықтық компонент педагогтің ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушылармен жұмыс істеуге деген хабардарлығы мен қызығушылығы, білім алуға ұмтылысы арқылы ашылады. Автордың пікірінше, құзыреттіліктің барлық компоненттері

бұл күрделі тұлғалық құрылым үшін маңызды болғанымен, олардың ішінде өзекті рөл атқаратын компонентті бөліп көрсетуге болады. Бұл компонент өз ықпалымен инклюзивті құзыреттіліктің жалпы деңгейін айқындайды.

Мотивациялық-құндылықтық компоненттен басқа, Н.А. Максимова өз зерттеуінде келесі компоненттерді анықтайды:

– операциялық-технологиялық компонент – педагогтің инклюзивті білім беруде заманауи технологияларды меңгеру деңгейін көрсетеді;

– рефлексивтік-бағалаушылық компонент – педагогтің өз кәсіби қызметіне рефлексивтік талдау жүргізу, қиындықтарды және білім алушылардағы мәселелерді анықтау қабілетін сипаттайды;

– коммуникативтік-іс-әрекеттік компонент – барлық білім алушыларды шартсыз қабылдау, эмпатия мен толерантты қарым-қатынас орнату қабілетін қамтиды [8].

Зерттеудің негізгі мақсаты – қазіргі заман педагогтерінің инклюзивті құзыреттілігінің қалыптасу ерекшеліктерін анықтау. Сонымен қатар зерттеу барысында келесі міндеттерді қояды: инклюзивті құзыреттілік пен оны айқындайтын факторлар арасындағы өзара байланыстарды анықтау; инклюзивті құзыреттіліктің жекелеген компоненттері арасындағы корреляцияларды талдау.

Зерттеу барысында инклюзивті құзыреттіліктің дамуына педагогтің білімі, педагогикалық еңбек өтілі, ерекше білім беру қажеттіліктері бар тұлғаларды оқыту тәжірибесі айтарлықтай әсер етеді деген болжам жасалды. Сондай-ақ инклюзивті құзыреттіліктің өзекті компоненті ретінде оның мотивациялық-құндылықтық құрамдасы қарастырылды.

Зерттеу әдісі. Зерттеу барысында Н.А. Максимова ұсынған әдістеме қолданылды. Зерттеуге бастауыш білім беру деңгейінде жұмыс істейтін 26 педагог қатысты. Олардың ішінде:

– ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушыларды оқыту тәжірибесі бар, бейімделген білім беру бағдарламаларын жүзеге асыратын инклюзивті сынып мұғалімдері – эксперименттік топ 1 (ЭТ) (13 педагог);

– ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушыларды оқыту тәжірибесі жоқ педагогтер – эксперименттік тобы 2 (ЭТ) (13 педагог).

Педагогтердің жасы 25 пен 35 жас аралығында, барлығының жоғары педагогикалық білімі бар. Педагогикалық еңбек өтілі:


– 3–5 жыл – ЭТ 1-де 4 педагог, ЭТ 2-де 3 педагог;

– 6–10 жыл – ЭТ 1-де 9 педагог, ЭТ 2-де 10 педагог.

Қосымша түрде педагогтерден инклюзивті тәжірибесінде қандай ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушылар санаттарымен жұмыс істегені, қанша ЕБҚ бар оқушыны оқытқаны, сондай-ақ осы бағытта біліктілікті арттыру курстарынан қандай форматта (күндізгі немесе қашықтан) өткені туралы мәліметтер жиналды.

ЭТ тобында бес педагог бір ғана ерекше білім беру қажеттіліктері бар баланы (психикалық дамудың тежелуі немесе сөйлеу бұзылыстары) оқытқан. Төрт педагог екі ерекше білім беру қажеттіліктері бар және мүгедектігі бар білім алушымен (соматикалық аурулар, психикалық дамудың тежелуі, сөйлеу бұзылыстары) жұмыс тәжірибесіне ие болған. Ал тағы төрт инклюзивті сынып мұғалімі бейімделген білім беру бағдарламалары бойынша үш ерекше білім беру қажеттіліктері бар баланы оқытқан.


Эксперименттік топ 1 (ЭТ) және эксперименттік топ 2 (ЭТ) педагогтерінің инклюзивті білім беру жағдайында педагогикалық қызметті жүзеге асыруға даярлық деңгейлері 1-суретте көрсетілген.



1-сурет. ЭТ 1 және ЭТ 2 педагогтерінің инклюзивті құзыреттілік (ИҚ) деңгейі

Ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушылармен жұмыс тәжірибесі бар педагогтер арасында өздерінің инклюзивті құзыреттілік деңгейін жоғары бағалайтындар саны басым. Бұл педагогтердің инклюзивті білім берудің нормативтік-құқықтық негіздерін меңгергенін, өз кәсіби қызметінің маңыздылығы мен құндылығын түсінетінін, сондай-ақ ерекше білім беру қажеттіліктері бар тұлғалардың психофизиологиялық мүмкіндіктерін ескере отырып, бейімделген білім беру бағдарламалары бойынша оқу үдерісін жүзеге асыруға дайын екенін көрсетеді.

Ал ЭТ тобында бес педагог инклюзивті тәжірибелерге даярлық деңгейін төмен деп бағалаған. Бұл жағдай ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушылармен жұмыс істеу барысында білім беру қызметінің мазмұнын, мақсаттары мен міндеттерін, қағидаттары мен формаларын түсінуде қиындықтардың туындауы мүмкін екенін, сондай-ақ инклюзивті білім беруге деген мотивацияның жеткілікті деңгейде қалыптаспағанын аңғартады. Екі топ арасындағы айырмашылықтардың статистикалық тұрғыдан мәнді екені анықталды ($U_{эмп} = 38,5$, $p \leq 0,05$). 2-суретте инклюзивті құзыреттілік деңгейі жоғары және төмен респонденттер топтарында инклюзивті құзыреттіліктің жекелеген компоненттерінің қалыптасу нәтижелері көрсетілген.



2-сурет. Инклюзивті құзыреттіліктің жоғары және төмен деңгейіне ие респонденттердегі компоненттердің қалыптасу деңгейі

Суреттегі деректерді талдау бірқатар үрдістерді анықтауға мүмкіндік береді: инклюзивті құзыреттілік деңгейі төмен педагогтердің басым бөлігінде мотивациялық-құндылықтық компоненттің (7 респонденттің 5-інде) және операциялық-технологиялық компоненттің (7 педагогтің 6-ында) көрсеткіштері төмен екені байқалады. Бұл оларды

инклюзивті білім беру саласында қажетті білімдерді меңгеруге мотивациясы төмен, икемсіз, сондай-ақ қажетті инклюзивті технологияларды жеткілікті деңгейде меңгермеген тұлғалар ретінде сипаттайды. Мұндай жағдай олардың білім беру үдерісінде заманауи технологияларды тиімді қолдануына, білім беру үдерісінің субъектілерімен конструктивті өзара әрекеттесуіне кедергі келтіреді.

Ал инклюзивті құзыреттілігі жоғары деңгейде қалыптасқан педагогтер тобына ең алдымен мотивациялық-құндылықтық компоненттің жоғары деңгейі тән. Бұл олардың саналы көзқарасын, мақсатты әрі мәнді қызметін, арнайы білім алуға ұмтылысын айғақтайды.

Сонымен қатар, инклюзивті құзыреттілігі жоғары деңгейде қалыптасқан бес педагогтің төртеуінде заманауи білім беру технологияларын қолдануға жоғары дайындық (операциялық-технологиялық компонент), ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың мүмкіндіктерін толерантты қабылдауға және оларға көмек көрсетуге даярлық, сондай-ақ білім беру үдерісінің барлық қатысушыларымен ынтымақтастық орнату қабілеті (коммуникативтік-іс-әрекеттік компонент) анықталды.

Нәтижелерге жүргізілген корреляциялық талдау (Спирмен критерийі) төмендегілерді көрсетті:

– инклюзивті құзыреттілігі жоғары педагогтер тобында жекелеген компоненттер мен жинақталған көрсеткіш арасында корреляция анықталмаған, ал инклюзивті құзыреттілігі төмен педагогтер тобында статистикалық тұрғыдан мәнді корреляция тек мотивациялық-құндылықтық компонент пен инклюзивті құзыреттіліктің жинақталған көрсеткіші арасында байқалды ($r_s = 0,857, p \leq 0,05$);

– инклюзивті құзыреттілік деңгейі білім беру ұйымындағы жалпы еңбек өтіліне тәуелді ($r_s = 0,47, p \leq 0,05$);

– инклюзивті құзыреттілік деңгейі ерекше білім беру қажеттіліктері бар тұлғаларды оқыту мәселелері бойынша біліктілікті арттырудың (күндізгі немесе қашықтан) формасына тәуелді емес;

– педагогтердің инклюзивті білім беру жағдайында кәсіби қызметті жүзеге асыруға даярлық деңгейі олардың педагогикалық тәжірибесіне, атап айтқанда ерекше білім беру қажеттіліктері бар және мүгедектігі бар білім алушылар санына тәуелді ($r_s = 0,42, p \leq 0,05$).

Қорытынды. Осылайша, инклюзивті құзыреттілік деңгейіне әсер ететін маңызды факторлар ретінде білім беру ұйымындағы жалпы еңбек өтілі және ерекше білім беру қажеттіліктері бар және мүгедектігі бар тұлғаларды оқыту тәжірибесінің сипаттамалары анықталды.

Алайда, бұл зерттеу нәтижелері мәселенің мазмұнын толық қамтымайды. Іріктеменің аздығына және тек сауалнама әдістемесінің қолданылуына байланысты (педагогтердің құзыреттілік деңгейін нақты іс-әрекет арқылы бағалау жүргізілмеген) заңдылықтарды толық анықтауға мүмкіндік болмады. Сонымен қатар, инклюзивті білім беру жағдайында педагогтердің кәсіби құзыреттілігін айқындайтын факторлар тізімін кеңейту және олардың арасындағы корреляциялық байланыстарды одан әрі зерттеу қажет.

Пайдаланған дереккөздер тізімі

1. Қазақстан Республикасындағы инклюзивті саясаттың 2025 – 2030 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы. Қазақстан Республикасы Үкіметінің № 1143 қаулысы [Электрондық ресурс] – 2024. URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2400001143> (жүгінген күні: 18.01.2026)

2. Мовкебаева З.А. Инклюзивное образование: теория и практика. - Алматы: ИП Сагаутдинова. - 2016. – С.117

3. Хитрюк, В.В. Инклюзивная готовность педагога: педагогическая система формирования: монография. – Барановичи: Изд-во УО БГУ, 2015. – С.176

4. Teaching children with disabilities in inclusive settings Corporate author://[UNESCO Office Bangkok and Regional Bureau for Education in Asia and the Pacific](#) P.109

5. Деркач, А.А. Акмеология: пути достижения вершин профессионализма. – М.: РАУ. -1993. – С.23
6. Крылова, А.В. Мотивационно-ценностный компонент инклюзивной компетентности учителя физической культуры // Педагогико-психологические и медико-биологические проблемы физической культуры и спорта. – 2017. – № 1. – С. 124-130
7. Парманкулова П.Ж. Дуальды білім беру жнйесінде инклюзивті оқытуға болашақ педагогтарды даярлаудың ғылыми-педагогикалық негіздері: PhD докторлық диссертация//ҚР, Шымкент, 2022. -Б.175
8. Максимова, Н.А. Формирование компетентности педагогов в процессе дополнительного профессионального образования для осуществления инклюзивного образования: диссертация канд. пед. наук: 13.00.08 // Наталья Александровна Максимова. – Кемерово, 2021.– С. 194

УДК 376:001.89

ВНЕДРЕНИЕ ПРАКТИК В ИССЛЕДОВАНИЯ В ОБЛАСТИ СПЕЦИАЛЬНОГО ОБРАЗОВАНИЯ.

Жанатова Гульмира Амангалиевна

PhD, ассоциированный. профессор Высшей школы педагогики, ППУ имени
Ә.Марғұлана, Павлодар, Казахстан
gulmira_sga73@mail.ru

Аннотация. В этой статье мы описали и представили руководства и ресурсы для применения пяти основных практик открытой науки - предварительной регистрации, зарегистрированных отчетов, обмена данными, обмена материалами и публикации в открытом доступе - в исследованиях в области специального образования.

Открытая наука (Open Science) постепенно становится стандартом в академической и образовательной среде. Для исследований в области специального образования, где точность, прозрачность и воспроизводимость результатов особенно важны, применение принципов открытой науки может значительно повысить качество и достоверность исследований.

Они способствуют воспроизводимости, этичности и практической ценности научных работ, открывая новые возможности для улучшения образовательных практик и поддержки, учащихся с особыми потребностями.

Annotation In this article, we have described and provided guidelines and resources for applying the five core practices of open science - pre-registration, registered reports, data sharing, material sharing, and open access publishing - in special education research.

Open science (Open Science) is gradually becoming a standard in the academic and educational environment. For special education research, where accuracy, transparency, and reproducibility of results are particularly important, applying the principles of open science can significantly improve the quality and credibility of research.

They promote the reproducibility, ethics, and practical value of scientific work, opening up new opportunities for improving educational practices and supporting students with special needs.

Ключевые слова: предварительная регистрация, зарегистрированные отчеты, обмен данными, обмен материалами, предварительная регистрация исследований.

Keywords: pre-registration, registered reports, data exchange, material exchange, and pre-registration of studies.

Современная система образования Казахстана активно развивается, ориентируясь на международные стандарты качества подготовки специалистов и внедрение инновационных образовательных технологий. Педагогические вузы играют ключевую роль в подготовке квалифицированных учителей, исследователей и методистов, способных работать в условиях динамично меняющегося образовательного пространства.

В последние годы особое внимание уделяется интеграции **научной и образовательной деятельности**, что создаёт благоприятные условия для формирования исследовательской культуры у студентов и преподавателей.